

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 тамыздағы N 1156 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 7 қыркүйек N 1238. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.05.12. N 579 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Мақта-шикізатын өндіруді тұрақтандыру және республиканың тоқыма өнеркәсіп орындарын мақта-талшығымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 тамыздағы N 1156 қаулысының 3-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мақта" аумақтық акционерлік компаниясы" мақта-талшығын экспортқа және республика ішінде сатып алу-сату жөніндегі барлық мәмілелерді тек қана тауар биржаларында "Биржалық тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына сәйкес жария саудаласу жолымен жүргізетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі